

# Тәрбие жан-жақты берілуде

Ауылдар арасында іргелі білім ошақтарының бірінен салалатын Екібастұз орта мектебі бала саны жағынан өзге ауыл мектептерінің ішінде алда тұр. Бүгінгі таңда мұндағы 132 окушы 22 ұстаздан білім алуша. Әткен жылы мектепті бітірген 9 тулеңтің біреуі мемлекеттік грантпен жоғары окуорнына түсken болса, екеуі қала екімінің грантымен білімін әрі қарай жалғастыруда.



К.Қажикова ашық сабак беруде

Сонғы екі жылда Екібастұз орта мектебі ғылыми жұмыстармен көзге көрініп жур. Мәселен, биылғы оку жылында Төртүй ауылның тарихын зерттеген Г.Қабылтаева /жетекшісі Р.Т.Сағынбаева/ облыстық ғылыми жобалар сайысына қатысып, сертификатқа ие болған.

Алдағы жаңа оку жылында мек-


лық қамтамасыз етілген деуге то-  
лық негіз бар. Медбике Әжіғулова  
Күләш Құматқызының айтуына  
карағанда, 42 тұрмыс төмөн от-  
басыдан, 10 тубвиражға шалдым-  
кан бала асханадан тегін тамақта-  
нады.

-Біздегі 10200 кітап қорының 6 мыңы мемлекеттік тілде, -дейді мектеп кітапханашысы Иманмагзамова Әсима Әшімқызы. Жыл сайын қалалық білім беру бөлімі тарарапынан жана кітаптармен то-  
лығып отыратын кітапхана қорының жартысы оқулыктan, қалға-  
ны әдеби көркем шығармалардан тұрады. М. Әуезовтың “Абай жолы”, Б. Майлин мен F. Мұр-  
совтің бірқатар шығармаларының электрондық нұскалары бар көрінеді. Балалар да электронды  
окулықтарды тыңдағанды ұната-  
ды. Кітапханадағы шаралар әдетте саҳналық қойылым түрінде өт-  
кізіледі. Атап айтқанда, жуырда мұнда М. Әуезовтың “Қылы заман” романының желісі бойынша саҳналық көрініс қойылған.

Мектепте табан аудармaston 30 жыл бойы дene шынықтыру пә-  
нінен сабак беріп келе жатқан тә-  
жірибелі ұстаз- Тасболат Жұма-  
таев. Ол мектепте волейбол мен үстел теннисін жақсы дамытса,  
спорт әдіскері, жаттықтырушы Женекен Әділжанов ер балаларды баскетболға баулады қолға алған.  
Нәтижесі түрлі жарыстарада бай-  
калып жүр. Атап айтқанда, үстел теннисінен окушылар былтырығы оку жылында қалалық жарыста үшінші, қызы балалар волейболдан

аймақтық жарыста бірінші, ер бала-  
лар екінші орынды иеленген. Ал би-  
ылғы жарыста мектеп командасы үшінші орынға іліккен. Мектеп спортында әр кез спортын шұ-  
ғылданатын ауыл жастары Солнеч-  
ный кентінде волейболдан әткен жа-  
рыста үшінші орынды иеленген.

Ауылға бөлінген шаңғылар мен  
коңыкилер, доптар қазір балалардың  
игілігіне айналған. Қыста оларды мұ-  
ғалімдері шаңғы спортына баулыса,  
іргедегі өзенде мұз қатканда коңық  
тебеді. Мұндағы тренажермен жат-  
тыгу да балалардың сүйікті ісі. Осы



Әсима Әшімқызы


мектеп түлегі Уахит Жайдаров қазір Астанада Қазақстан біріншілігіне қа-  
тысып жүрген волейбол командасын жаттықтырады.

Мектептегі қызы балалар ою ойып, көйлек пішіп, тігуді, кілемше токуды, бір шимен кесте токуды еңбек пә-  
нінен беретін Сұлтанова Равия Ик-  
рамқызынан үйренеді. Сонымен бірге өнерпаздардың саҳналық күйдері, ұлттық күйдер де осында тігіледі.  
Еңбек мұғалімінің айтуынша, мұнда тігін және аяқ машинасы бар болғанымен, олардың тозығы жеткен. Ал бағдарлама бойынша пәнді менгеру

үшін іс машина қажетті-ак.

2003 жылы Қайролла Дүйсенбаев мектепте “Екібастұз нұры” газетінің жарық көрүіне мұрындық болған еді.  
Содан бері осы басылым әр тоқсан сайын Қөгершін Қажикованың жетек-  
шілік етуімен жарық көріп келеді.

Кезінде дені білікті ұстаздардан құ-  
ралып, озық мектептердің бірінен салал-  
ған Екібастұз орта мектебіне то-  
қыраудың ызығары тимей әткен жок.  
Бірақ жас та болса өзіне де өзгеге де  
тапалышы мектеп басшысы Ибраев  
Жанат Қабдыуахитұлының іскерлігі  
ісінен көрініп, қазіргі уақытта білім  
ошағында сапалы білім мен тәрбие  
беруге қажетті хал-ахуал орнықан.



К.Қ.Әжіғулова


тепте шағын орталық ашылмак.  
Онда 3 пен 5 жас аралығындағы  
25 бүлдіршін тәрбиленетін болады.  
Қазір 1-сыннан 6 бала оқып жатса, келер жылы 7 бала мектеп табалдырығын аттамақ. Ал одан кейінгі жылы мектепке 15 бала келеді деген болжам бар. Бұдан ауылдағы халалық санының жыл әткен сайын артып келе жатқанын көрүге болады. Мектеп биылғы оку жылында тарих пен ағылшын пәндерінен сабак беретін екі жас маманмен тоғызқан

Роза МҰСАБАЙ

пәндерінен сабак беретін екі жас маманмен толыққан.

Мектептің бірінші қабатында интернат орналасқан. Интернат тәрбиешісі Манапова Ақшайым Шәкарқызының айтуына қарағанда, мұнда Мыңтомар, Ақши және Шилікүдік елді-мекендерінен 24 бала жатып оқиды. Кейінгі екі ауылда бастауыш мектеп жок. Сондықтан да интернатта бастауыш сынып балалары да бар. Былтыр қазынадан бөлінген 230 мың теңгеге интернат жаңа жиһаз берілген жаңа төсек орындарына қол жеткізген. Көсіпкер Ш.Ержановтың демеушілігінің арқасында мұндағы шымылдық пен люстра, еденге төселетін кілемдер де жаңартылған. Күніне бес мезгіл тамақтанатын балалардың ас мәзіріне енді балық өнімдерін енгізу қолға алына бастаған.

Мектептегі медицина кабинеті қажетті құрал-жабдықтармен то-



**Т.Жұматасев тренажермен жаттығуға баулуда**